

«Бекітемін»  
Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым вице-министрі  
*Суханбердиева*  
«20» қыркүйек 2017 ж.

**Қ. Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен оқушылардың  
республикалық олимпиадасының өткізу ережесі**

**I. Жалпы ереже**

1. Осы Ереже «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес және жалпы білім беретін мектеп оқушыларының қазақ тілі мен әдебиетінен академик, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, «Құрмет» орденінің иегері Қ. Бітібаева атындағы республикалық олимпиаданың (бұдан әрі - Олимпиада) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметінің қамсыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, қатысуын және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

2. Олимпиада мақсаты – Қазақстан Республикасының дарынды оқушыларын анықтау, дамыту және қолдау көрсету болып табылады.

3. Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білімдерін жетілдіру мен тереңдету;

-патриотизмді, азаматшылықты дамыту, ұлттық мәдениетке, дәстүрлерге деген құрметті дәріптеу;

-оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

4. Олимпиада жыл сайын Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында өткізіледі.

**2. Олимпиаданың жұмысшы органы**

1. Олимпиаданы үйлестіру және дайындау мен өткізу бойынша істі жүзеге асыру үшін Республикалық ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Республикалық ұйымдастыру комитеті) құрылады.

Республикалық ұйымдастыру комитеті:

1) Олимпиадаға жалпы жетекшілік етуді жүзеге асырады;

2) республикалық ғылыми-әдістемелік кеңесті (бұдан әрі – Ғылыми-әдістемелік кеңес) құрады;

3) Олимпиаданың республикалық кезеңінің қазылар алқасының құрамы мен саны бойынша ұсыныстар енгізеді;

*Асраб*

*АА-*

- 4) Олимпиаданың қорытындысын сараптайды және таратады;  
5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне (бұдан әрі –  
Министрлік) Олимпиаданың республикалық кезеңінің жүлдегерлер тізімін  
бекіту үшін ұсынады.

Ғылыми-әдістемелік кеңес:

- 1) Олимпиаданың регламентін жасайды (кезеңдер, айналымдар саны, әр  
айналым тапсырмаларын орындау уақыты және т.б.)
- 2) Олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізу түрін анықтайды;
- 3) Олимпиаданың екінші (облыстық) және үшінші (республикалық)  
кезеңдерінің тапсырмаларының мазмұнын, оқушылар жұмыстарының  
бағалау өлшемдерін жасап шығарады;
- 4) ұсынылған тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне,  
дұрыстығына, олардың Олимпиаданың белгілі бір кезеңінің талаптарына  
сәйкестігіне жауап береді;
- 5) Олимпиада өткенге дейін тапсырмалардың құпиялылығын  
қамтамасыз етеді.

2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау, Олимпиада  
қатысушыларының рейтингін құру үшін құрамына Қазақстан  
Республикасының алдыңғы қатарлы ЖОО ғалымдары, білім басқармалары  
мен бөлімдерінің әдіскерлері, Қазақстан Республикасының жалпы білім  
беретін мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің шығармашылықпен  
қызмет ететін мұғалімдері, бұқаралық ақпарат құралдарының күзиретті  
өкілдерінен құралған қазылар алқасы тандалып алынады.

3. Олимпиаданың республикалық кезеңінің төрағасы мен құрамы  
Республикалық ұйымдасу комитетінің ұсынысы бойынша Министрлікпен  
бекітіледі.

4. Әр сынып бойынша қазылар алқасының саны тақ саннан (3  
адамнан кем емес) құралады. Қазылар алқасының құрамына оқушысы  
Олимпиадаға қатысатын мұғалімдер кіргізілмейді.

5. Олимпиаданың қазылар алқасы:

- жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды жұмыстарды  
тексеру нәтижесімен таныстырады;
- қатысушылардың жұмысын бағалауда даулы жағдайларды талқылайды  
және қажет болған жағдайда тиісті түзетулерді енгізеді;
- жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды;
- Олимпиада қатысушыларымен орындалған тапсырмаларды талқылау  
мен үйлестіруді өткізеді.

### 3. Олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу тәртібі

1. Олимпиадаға қазақ тілінде білім беретін мектептердің 9-11  
сынып оқушылары ерікті түрде қатыса алады.

2. Олимпиада 3 кезеңде өткізіледі:

1) бірінші – аудандық (қалалық) – аудандық және қалалық білім  
бөлімдері ағымдағы оқу жылының наурыз айының бірінші онкүндігінде

Асқар

АҚ

білім басқармасының тиісті органдары дайындаған тапсырмалар бойынша өткізеді;

2) екінші – облыстық – облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру ұйымдары және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары ағымдағы оқу жылдың сәуірін айының бірінші онкүндігінде республикалық ғылыми-әдістемелік кеңес дайындаған тапсырмалар бойынша өткізеді.

3) үшінші кезең – республикалық – сәуір айының төртінші онкүндігінде республикалық ғылыми-әдістемелік кеңес дайындаған тапсырмалар бойынша өткізіледі.

3. Олимпиаданың үшінші кезеңіне екінші кезеңнің жеңімпаздары қатысады.

Олимпиада 2 айналымда өткізіледі:

1 айналым – жазбаша – эссе;

2 айналым – ауызша – қазақ тілін, қазақ әдебиетінің шығармаларын, Қ.О. Бітібаеваның өмірбаянын, оның ғылыми мұрасын және публицистикалық еңбектерін білу бойынша.

4. Жұмыстарды бағалауда неғұрлым объективтілікті қамтамасыз ету үшін Олимпиаданың барлық қатысушыларымен тапсырмаларды талқылау жүргізіледі. Тапсырмаларды талқылағаннан кейін, қатысушылардың тілегі бойынша, жұмыстарды үйлестіру өткізіледі.

5. Қатысушылардың жетекшілері Олимпиаданың өткізу уақытында, келген сәттен бастап өтетін орынға дейін, оны өткізу мерзімі және кейін тұрғылықты орнына жеткізілгенге дейін қатысушылар үшін толық жауапты.

#### 4. Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау

1. Олимпиаданың әр кезеңінің жеңімпаздары ҚР Білім және ғылым министрінің I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

2. Олимпиаданың үшінші кезеңінің жеңімпаздар саны қатысушылар санының 45%-ын құрайды. Олимпиаданың әр кезеңінің жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Олимпиаданың республикалық кезеңінің I, II және III дәрежелі дипломдар саны мына үйлесімдікпен анықталады: III дәрежелі дипломдармен жеңімпаздардың 50 %-ы, II дәрежелі дипломдармен 30 %-ы, I дәрежелі дипломдармен 20 %-ы марапатталады.

3. Олимпиаданың үшінші кезеңінің барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.

Асқаров

З.А.